Ы.Алтынсарин ағартушы ретінде білім мәдениеті, қоғамның дамуы мен әрбір адамның жетілуіндегі білімнің мүмкіндігіне сенді. Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармашылығына замандастары кезі тірісінде-ақ бағасын берді. «Әдебиеттегі шығармашылықтан басқа, ол қазақ тілінде хрестоматия құрастыру, халық поэзиясының алғашқы жинақтарын және кітап туындыларын құрастыру ісімен айналысты. Ол 1879 жылы Торғайдағы жазбасында «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр...Осылармен қабат бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» деген. Осы тұрғыда ол «өз замандасы, шығыстанушы-ғалым Ш.Уәлихановтың халқым оқып, өнер-білімді игерсе деген арманын нақты іске асырушы болды. Хрестоматия туралы естелігінде Ыбырай «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» дейді. Хрестоматиядағы шығармалар тақырыптық-идеялық жағынан жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, елденді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою мәселесіне арналған. «Хрестоматияға» енген шығармалардың тілі шұрайлы, балалар ұғымына сай, қиялын кеңейтетін, көлемі шағын, тәрбиелік-танымдық мәні жоғары шығармалар. Ол қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады дегенге толық негіз бар. Сонымен қоса, Ыбырай жазған «Қырғыз хрестоматиясы» қазақ публицистикасының бастауы дегенге болады. Себебі осы кітапта өткен ғасырдың соңындағы көшпенділік, отырықшылық, ағартушылыққа насихаттау, адамгершілік сынды өзекті мәселелер сөз болған.

Даңқты жазушы М.Әуезов Ыбырай туралы: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» деп жазған. ХІХ ғасырда Торғай топырағында дүниесіне келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, педагог-энтузиаст, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің есімі өліп-сүйіп ұстаған, оқу-білім іздеген әрбір қазақ баласына таныс. Өз заманының озық ойлы,

прогресшіл, интернационалдык кезкарастағы азаматы болды. Ибраһим Алтынсаринді Қазақстанның пұлттық педагогикасының негізін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Бұндай пұлы тұлғаны тілге тиек етпес, әнегесінен өмірлік иірім алмас болмастың ісі. Дел осы қолда бар алтынның қадірін арттырмақ ниетпен, биыл жалпақ қазақ жұртшылығы болып, 180-жылдық мерейтойын тойлауды қолға алдық. Сөйтпін пұлы ағартушының еңбегі мен есімі пұрпақтан-пұрпаққа жетіп, өзінің туған халқымен бірге жасап келеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері... 16-б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. - Алматы, 1955. 70-б.
3. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Өлең, еңгімелер мен мақал, жұмбақтар. - Алматы: Атамұра, 2014. -168 бет.
4. Ыбырай Алтынсарин - тұңғыш қазақ педагогы // Аңыз адам. Қыркүйек, 2013 жыл.
5. Собрание сочинений. В трех томах. Том 3. Алтынсарин И. Алма-Ата, "Наука" КазССР, 1978.
6. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен шығармалары / Құраст. Ардақ Мұқышева. - Алматы: "Рауан" баспасы, 2013. 384 б.
7. Антология педагогической мысли Казахстана. / Сост. С.Калиев, К.Аюбай. - Алматы, 2012.
8. <https://bilimdinews.kz/?p=163144>
9. Аңыз адам № 17(77) Қыркүйек 2013ж
10. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>
11. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/17114>

ӨЕЖ 37.022

**А.Е. Бейсембина,**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы  
көпсалалы колледжі, ф.ғ.м.,  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

## Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖНЙЕСІ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

### Тғйін

Мақалада ағартушы, пұлттың тұңғыш пұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогика, оқыту саласындағы әдістемелік жнйесі сараланып, қазіргі білім беру процесіндегі мәселелерге қатыстылығы аталып өтілді.

### Аннотация

В статье была проанализирована методическая система просветителя, первого учителя нации Ибрая Алтынсарина в области воспитания и обучения, отмечена причастность к проблемам современного образовательного процесса.

### Abstract

The article analyzes the methodological system of the educator, the first teacher of the nation, Ibray Altynsarin in the field of pedagogy, training, and his involvement in the problems of the modern educational process is noted.

**Тғйін сөздер:** жаңартылған білім бағдарламасы, кәсіптік бағдар, тіл дамыту, өліппе, 12-жылдық білім беру, «Мәңгілік Ел» жалпыпұлттық идеясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы

Білім беру саласындағы жаңалықтар, өзгерістер, сапалы оқыту мен өлеуметтендіру, ізгілендіру, этнопедагогика элементтерін ескеру, бірлескен топтық оқыту, саралап оқыту бннгінгі кннгі оқыту процесіндегі басты мәселеге айналып отыр. Жнздеген жыл бұрын қазақ

даласында оқу-ағарту мен мәдениеттің туын кәтерген, ұлтқа қажетті бар байлық біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми-педагогикалық еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалімдер даярлау сынды табанды істерімен де еліне нлгі бола білген Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық, едістемелік мұралары бнтінгі кнні маңызын жойған жоқ.

Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектептегі оқытуды ана тілінде жнргізді. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда – еліппе бойынша оқыту, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жнйе бойынша оқыған шекірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін меңгертуде аударма едісін пайдаланып, екі тілде де еркін сөйлеуді нйретуді мақсат етті. Қазіргі жаңартылған білім бағдарламаларын оқу-тәрбие процесіне енгізуде жалпы білім беретін пәндердің нлгілік оқу бағдарламаларында «Қазақ тілі» және «Қазақ едебиеті» оқу пәндерінің негізгі міндеттеріне:

1) білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;

2) адамзаттық ойдағыдай кірігу ншін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;

3) қазақ тілі мен едебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;

4) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін елеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;

5) қазақ едебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

6) кәпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;

7) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру кіреді [1].

Жаңартылған білім мазмұны тұжырымдамасы бойынша базалық оқу жоспарындағы пәндердің рөлі қандай болмақ дегенде, қазақ тілі бнкіл пәндерді игерудің негізі болуы керек, қазақ тілін оқытуда, ең алдымен, тілді өзінің табиғатына қарай тілдесу құралы ретінде таныту керек деген тұжырымдар жоғарыдағы ой-пікірлермен нндеседі. Білім беру жнйесіндегі бнтінгі жаңаша бағыт кезінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары, едістемесіндегі кәтерілген мәселелер өзінің өміршендігін танытып отыр.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттан, білім беруді ізгілендіру, білім мазмұнын жаңарту, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, сындарлы оқыту жнйесі, STEM-технологиялар, оқушыларға кәсіптік бағдар беру т.б. ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ы.Алтынсарин шығармашылығында кәрініс тапқан, педагогикалық кәзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жнрек жылуын беруі, мұғалім мен шекіртті арасындағы рухани ынтымақтастық, оқушы бойынан ізгі қасиеттерді табу сияқты ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуда. «Егер балалар бірденені тнсінбейтін болса, онда мұғалім оларды кінәлауға тиісті емес, оларға тнсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» [2]. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық кәрсетуі керек деген ой-пікір – бнтінде ұстаздардың ең басты мәселесі.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұраларынан, атап айтатын болсақ, «Қазақ хрестоматиясына» енген еңгімелер сюжетінен балаларға кәсіптік бағдар беруді кәздегені белгілі. Бнтінгі таңдағы 12-жылдық білім беру мәселесі Ыбырай Алтынсарин заманынан бастау алып, оқу-тәрбие, кәсіби білім бағытындағы өзекті мәселеге айналып отыр. Еліміздегі жаңартылған білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге кәшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық нлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен» «білім өркімге өмір бойы» нлгісіне кәшуді және елемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының болашақ тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске

асыру жағдайында ғскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қндылықтарды тәрбиелеудің ғзекті мәселелері кнн тәртібіне қойылып отыр [3]. Ағартушы-педагог – ғзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктерінің бірі – оқытудың тәрбиелік елеуетін арттыру, оқушының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі ұлтымыздың тңғыш ұстазының педагогикалық ұстанымы мен идеяларынан бастау алатындығы анық.

Ы.Алтынсариннің халық ағарту бағытындағы ізгі еңбектерінің бірі және болашақ ағартушы-педагогтарға нлгі етерлік қызметінің бірегейі – оқытушылық пен шығармашылықты қатар ұстануы. Оған делел – ғзінің қажырлы ізденісінің нәтижесінде туындаған тәрбиелік мәні зор шағын еңгімелері мен елендері арқылы жас жеткіншектерді өмір снруге, бағытын дұрыс ері сенімді анықтауына ері білім алуына ықпал ете білуі. Бңтінгі таңда жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне де, техникалық, педагогикалық колледждердің ұстаздарына да қойылатын басты міндеттердің бірі – ғз еңбек тәжірибесінің негізінде педагогика, едіснама, едістеме саласында жинақталған тәжірибесінің тнйінін жасау, сол арқылы озық педагогикалық тәжірибені қазақстандық білім беру жнйесінде тарату.

Ойды тнйіндей келе, қазақ баласының білім алуына жанашырлық танытқан ұлт ұстазының еңбегін одан ері жандандыру, бңтінгі кнн талабынан шығу, еркениетке бастайтын бастамалармен елемдік білім кеңістігінде жастардың ғз орнын таба білуіне ықпал ете отырып, табысты қызмет ету – біздің, яғни бңтінгі педагогтардың басты міндеті деген қорытындыға келеміз. Білім беру жнйесіндегі жоғарыда аталған мәселелердің шешімін табуда атқарар істеріміз ғз нәтижесін берері сөзсіз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен едебиеті» жаңартылған мазмұндағы нлгілік оқу бағдарламасы. 2017 ж.
2. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж.
3. Елбасының мемлекеттік «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.

ӨЕЖ 37.074

**Х. Б. Бейсенова,**

Қостанай жоғары политехникалық колледжі, қазақ тілі мен едебиеті пәнінің оқытушысы,  
Қостанай облысы,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

## ЫБЫРАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

### Тнйін

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсарин еңгімелерінде кетерілген тақырыптар қазіргі заманымызда жас ұрпақты тәрбиелеуде ғзектілігін сақтай отырып, тәрбиелік мәні арасан зор екендігі қарастырылады.

### Аннотация

В данной статье рассматриваются темы, поднятые в рассказах Ибрая Алтынсарина, имеющие большое воспитательное значение и сохраняющие актуальность в воспитании подрастающего поколения в наше время.

### Abstract

This article examines the topics that were considered in the stories of Ibray Altinsarin, which are of great educational value, while maintaining relevance in the upbringing of the younger generation in our time.

**Ключевые слова:** воспитание, народ, образование, будущая молодежь, нравственность, патриотические чувства, труд, Родина, просветитель, молодое поколение.

Қазақ халқының және қазіргі Қазақстанның тарихы мен мәдениетінде халықтың қазіргі рухани өмірінің негізін қалаған ең қасиетті қайраткер – қасиетті ғалым және саяхатшы Шоқан Уәлиханов (Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан, 1835 – 1865), ақын-ойшыл Абай Құнанбаев (Абай Ыбырайым Құнанбайұлы, 1845 – 1904) және педагог-ағартушы, жазушы Ыбырай Алтынсарин (Ыбырай Ыбырайым Алтынсарин, 1841 – 1889) ерекше орын алады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын білім негізімен сусындатуға асықты. Осы арманын жүзеге асыру үшін облыстық басқармаға мектеп ашу туралы өтініштер жіберді. Ақыры 1860 жылы облыстық басқарма Алтынсаринге Торғайдан қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды, өзі өзін сол мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады. Бірақ, жергілікті өкімет Алтынсаринге қол ұшын соза қоймады, сөйтіп мектеп ашу ісі ұзаққа созылды. Ыбырайдың армандаған мектебі араға төрт жыл салып, 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай жерінде салтанатты түрде ашылды. Бұл ұлт ұстазы негізін қалаған алғашқы білім ордасы еді. Мектепті Ыбырай Алтынсарин төрт жыл бойы жинаған ақшасына ашты.

Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазіргі замандағы теуелсіз еліміз Қазақстан мектептерінің оқу-тәрбие процесіндегі Ы.Алтынсариннің алатын орны ерекше маңызды. Бүгінгі күнде, Ыбырай атамның шығармалары білім көкжиегінің кеңейіне, балалардың бойында адамгершілік, еңбекқорлық, сыйыспеншілік, адалдық қасиеттерін қалыптастырудың негізі.

Қазақстан Республикасы - өзінің теуелсіз мемлекет екендігін бәрімізге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың өлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз міндетінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер мұғалімдер қауымы көп тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніміз, болашақ жастар, оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата Заңын, Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі кезеңінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы" - деген еді. "Ердеуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік міндеттері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", " патриотизм", ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным - сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды.

Ыбырай Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879 жыл) деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс - қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» - деп тұжырымдаған. Хрестоматия бұл екі міндетті де толығынан атқарды. Оқулықтың революцияға дейінгі мерзімде бірнеше мәрте (4 рет) қайталап жарық көруі, оның өз кезеңінде ғана емес, одан кейінгі ұзақ жылдар бойында да талай жас ұрпақ үшін білім, өнеге көзі, рухани қазына бастауы болып келгендігін көрсетеді. Хрестоматияға Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогтық мақсатына лайықты жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын еңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті нәзіктерін, сондай - ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз – тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы

адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, нлкенді, ата – ананы қадірлеу, ғнер – білімді байлық – деулеттен жоғары қою тағы басқалар.

Керкем едебиеттегі кейіпкерлердің іс - ерекеті, бейнелері, оқиғалары баланы санқилы сезімге тнсіріп ойландырады, қуантады, кейбіреуінен аулақ болуға жетелейді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын бастауыш сыныптан бастап оқыту арқылы оқушыларды еңбек сньюшілікке, оқу, ғнерге ұмтылушылыққа, Отанын, елін сньюшілік, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық т.б. жақсы мінез – қылықтарға тербиелеуді мақсат еттік.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға нндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сньюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға нндеді. Балаға жастай дұрыс тербие беру бнкіл днниежнзіндегі педагог – ғалымдардың ертеден бері нлкен кәңіл аударып, айрықша кәтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға нн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жәнінде ол кәптеген педагогтердің, есіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой мен пікірлес болды.

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясында»: ... « Қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды; оның ой-пікірі еркін; оның келешегі ншін, оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы ғнерді нйрену керек болып отыр», - деп жазды. Ыбырай Алтынсарин –қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша ұстаз, қазақ балалар едебиетінің атасы.

Ез ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин шығармаларынан байқауға болады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық ншін қызмет етуге нндейтін, өз елін қорғау ншін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен кәрсететін және нстем таптың озбырлық ниеттерін айқын ешкерелеп, оған қарсы кнрес жнргізуге шақыратын Ыбырайдың шағын елендерінің балалар ншін маңызы ерекше.

Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор керкем шығармалар туды. Ол өзіннің бар кнш-қуатын халықты ағарту, жастарды тербиелеу қызметіне жпұмсады. Ыбырай Алтынсаринның жазушылық қызметінің тнпкі қазығы да сол оқу-ғнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы-қараңғы қазақ халқының кәзін ашу, кәңілін ояту, оны озық медениетті елдердің қатарына қосу.

Ыбырай атамыздың қай шығармасы болмасын баланы «нағыз адам» етіп тербиелеуге арналады. Оның «Мейірімді бала» еңгімесі баланы мейірімді, кішіпейіл және жігерлі болуға тербиелейді. Ерлік –жігері кншті бала батылдыққа, ерлікке бара алады. Мпұндай жігерлі азамат өз Отанын қорғауға ерқашан дайын болады.

Мазмұны жағынан Ыбырай Алтынсарин еңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін камтиды, еділдікке, ізгілікке, адамгершілікке, талаптылыққа, ғнерпаздыққа, тапқырлыққа, еңбекке, тазалыққа, ақылды іске, білімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа, зеректікке, отырықшылыққа, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа шақырады. Текаппар, еріншек, ұқыпсыз болмауға, жақсылыққа еуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды.

Ыбырай Алтынсарин өзіннің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тербиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы ншін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын кәбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тербиелеуден, тербие ісінің қпдіретінен артық ешнәрсә жоқ,- деп тнйеді Ыбырай.

Адам тербиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері — өмір талқысы, ерекет етуі, тербиесі. Кнн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді бірннен бірн артықсын деп айыруға болмайды, — дейді, Ыбырай. Ол адам

психологиясының қалыптасуындағы саяси-элеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші ролін жете түсінді.

Ыбырай Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді де, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық ғмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық ғрекетпен теуелді еткісі келеді.

Ыбырай Алтынсарин жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағидаға сөйкес келді.

Бала жанының зергері Ыбырай Алтынсарин еңгімелерінің бәр-бәрі де бнлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан дніісіне есер етерліктей етіп берілген. Осы еңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды пұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, теғзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады.

Ыбырай Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын кере білді. Сондықтан оның кәптеген еңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың теңірегіне топтасқан. Еңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа нйретіп кәп тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, ғмір снруі адал болатындығын кәрсете келіп, жастайынан еңбексіз ғскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсариннің ғз халқын оқуға, ғнерге нндеуі надандыққа, зпұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде елеумет ғміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, ғмір шындығын кәрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар едебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин қазақ едебиетіміздің теғінен заңды түрде орын алып отыр.

### Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. «Кел, балалар, оқылық: Өлең, еңгімелер мен мақал, жұмбақтар.» — Алматы: Атамұра, 2006.
2. Алматы, Жазушы, «Алтынсарин Ыбырай тағылымы», 1991ж.
3. Жаманқұл П., «Ана тілі» оқулықтарының тәрбие нысандары // «Бастауыш мектеп» №8,2003,3б.
4. Назарбаев Н.Ө,- Қазақстан - 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, А: Білім,1998, 90 б.
5. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// «Егемен Қазақстан», № 39,19 ақпан 2005 ж.
6. Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. -Алматы: Білім, 2003.
7. Дербіселин Ө. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Алматы 1958ж.
8. Кәшімбаев А. «Қазақ едебиетін оқыту методикасы» Алматы,1969ж. 81-82б.
- Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988ж.
10. Алтынсарин Ы. «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991ж.
11. «Алтынсарин оқулары». Білім, 2005ж
12. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.

ӨОЖ 1751.82

**Б.М.Бекбулатов,**

М.Өуезов атындағы педагогикалық колледжі, педагог  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Семей қ., Қазақстан Республикасы

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – АЗАТШЫЛ АЛАШ МҰРАТТАРЫНА ПҰЛАСҚАН  
ПҰСТАНЫМДАРДЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**



## **Аннотация**

В данной статье дана оценка Ибрая Алтынсарина как одного из основателей алашских позиций. В первую очередь будет уделено внимание историческим источникам, приведены примеры из хронологической хроники, рассказывается о движении Алаш. На конкретных примерах показано, что одним из основных направлений движения Алаш является развитие письменной литературы. В этой же писательской литературе проводятся дополнения по цитатам, выявляя вклад Ибрая Алтынсарина. Также будет рассказана информация об открытии школы Ыбыраем Алтынсариним, а также о ее целях. Каждый год пишется о том, где находятся открытые школы. Две основные цели великого педагога были определены индивидуально и были полностью затронуты трудностями его достижения. Были высказаны мнения о заслугах Ыбырая Алтынсарина в становлении казахского народа, а также получены мнения о заслугах Нурсултана Назарбаева. Нынешнее молодое поколение должно знать историю основоположников алашских идеалов, зная, что пришедшие к ним знания и науки пришли не так просто.

## **Тңйін**

Берілген мақалада Ыбырай Алтынсаринді Алаш ұстанымдарының негізін салушыларының бірі ретінде баға беріледі. Алдымен тарихи деректерге мән беріліп, хронологиялық шежіреден де мысалдар келтіріле отырып, Алаш қозғалысы жайында айтылады. Алаш қозғалысы кезінде негізгі басты бағыттың бірі – жазба әдебиеттің дамуы екені туралы анық мысалдармен келтірілген. Сол жазба әдебиетке Ыбырай Алтынсариннің қосқан нәсілін анықтап, дәйектер арқылы толықтырулар жүргізіледі. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсариннің мектеп ашуы жайында ақпараттар айтылып, оның мақсаттары жайында да сөз болады. Өрбір жылда ашылған мектептердің қай жерде орналасқандары туралы да жазылады. Ұлы педагогтың негізгі екі мақсаты жекелей анықталып алынып, оған жету жолындағы қиындықтарға да толығымен тоқталған. Ыбырай Алтынсариннің қазақтың қазақ болып қалыптасуына сіңірген еңбегі жайында ойлар айтылып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбектерінен пікірлер алынған. Қазіргі жас ұрпақ өздеріне келген білім мен ғылымның оңай келмегенін біліп, Алаш мұраттарындағы ұстанымдардың негізін қалаушылардың тарихын білгені жөн.

## **Abstract**

this article evaluates Ibray Altynsarin as one of the founders of the Alash positions. First of all, attention will be paid to historical sources, examples from the chronological chronicle are given, and the Alash movement is described. Concrete examples show that one of the main directions of the Alash movement is the development of written literature. In the same literary literature, additions are made to quotations, revealing the contribution of Ibray Altynsarin. There will also be information about the opening of the school by Ybyray Altynsarin, as well as about its goals. Every year it is written about where the open schools are located. The two main goals of the great teacher were determined individually and were completely affected by the difficulties of achieving it. Opinions were expressed about the merits of Ybyray Altynsarin in the formation of the Kazakh people, and opinions were also received about the merits of Nursultan Nazarbayev. The current young generation should know the history of the founders of the Alash ideals, knowing that the knowledge and sciences that came to them did not come so easily.

**Тңйін сөздер:** тңңғыш мұғалімдердің мектебі, мектеп - интернат, қыздар училищесі

«Тарих – біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің нәлісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы», - деп баға берген Мигель де Сервантес тарих парақтары жайлы кәп ой қозғаған [1,25]. Өр елдің өзінің жеке-дара оқиғалары болатыны сияқты, қазақ елінің де бастан кешкендері тңңып жатқан тарихтың өзі. Қазақ халқының ғасырлық тарихының жарқын беттерін жаза білген Алаш қозғалысы – тарихи-саяси өрі айрықша құбылыс болып табылып, ұлттың мәдени және рухани дамуына тікелей байланысты болғаны да сөзсіз.

Қарапайым халықтың есін жиып, етегін жапқалы қазіргі кннде алаштық идея саналы болып табылатын қазақтың баласын, елін снйетін қазақтың азаматын қайтадан толығымен баурап алу нстінде. Оның басты себебі де, Алаш қозғалысының ең негізгі мақсаттарының бірі – җлттық теуелсіз мемлекет қррудың басты идеясымен тікелей сабақтасып жатқан болатын-ды. Аталмыш алашшылдық сана да уақыт жылжыған сайын бнтінгі қазақтың қоғамында тереңдей тнссе, халқымыздың да җлттық деген ғресі биіктей беретіні анық. Осы тңрғыжа Елбасы Нрспұлтан Назарбаев ғезінің «Тарих толқынында» деп аталатын кітабының ерекше атаумен берілген «Алаш мңрасы және осы заман» деп аталатын тарауында төмендегідей ой қалдырған. «XX ғасырдың басында җлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың җлттық идеясын жасау міндетін ғез мойнына алды. Олар қоғамның тнрлі тарабынан шыққандар, ғері ең алдымен дестнрлі дала ақснйектерінің ғекілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының җрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп Елбасы ғезінің ойын жеткізген еді [2, 96].

Зерттеу барысында тнрлі тарихи деректерге снйенсек, қозғалыстың ғерістеуіне ақындар мен жазушылардың қаламгерлік те ғері қайраткерлік те нлестері барынша айрықша болғанын керуге болады. Дел осы Алаш қозғалысының дөуірі ғері уақыты – җлттық жазба едебиетінің тарихындағы ерекше аталып ғетілетін жылдар. Жалпы дөйектер бойынша қазақтың жазба едебиетінің ғемірге келуінің басты бірден бір кезеңі Абайдың уақытымен байланысты болғанымен де, оның толыққанды буыны бекіп, бңғанасының қатуы XX ғасырдың бірінші онжылдықтарына келеді. Сондай-ақ, XIX ғасырдың II жартысындағы жазба едебиетке Ыбырай Алтынсариннің жекеленген шығармалары толыққанды мысал бола алса, келесі ғасырдың бастапқы жылдарында баспасөз, кітап басу істері толығымен қолға алына бастағаны да шындық.

Қазақстанның дел бнтінгі егемен ел болып ғезге елдермен иық теңестіре алатын уақытқа кешкенінің артында талай еңбек пен кнштін жатқаны белгілі. Ыбырай Алтынсарин де ғезінің жңмыстарымен елді білімге, оқу мен тоқуға шақырғаны анық. Азатшыл Алаш мңраттарының җстанымдарының негізін қалаушы ретінде Ыбырай Алтынсарин мектеп ашты. Ал җстанымдардың ішінде ең маңыздысы – білім алу, сауат ашу болатын-ды.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың даласында ең бірінші болып қазақ қыздарын білімге тартты. Айталық, 1887 жылы Ырғызда қарақөздерге арнап мектеп-интернат ашып берген еді. Яки бңл қыздар мектебінің җйымдастырылуы – җлы педагогтың осы тңрғыда жасаған ең бір нлкен еңбегі ретінде бағаланады. Осы кезеңдерде мектептер санының кнрт артуына байланыстыҗлы педагог Ыбырай Алтынсарин мңғалімдерді даярлайтын білім ордасын ашуды кнн тертібіне қоя білген. Айта кетейік, осыған байланысты 1881 жылы Орск қаласында тңңғыш мңғалімдердің мектебі ашылды [3,25].

Алаш мңраттарының җстанымдарының ішіндегі ең ерекшесі білім беру бағыты бойынша Ыбырай Алтынсариннің инспекторлық ғері ағарту саласындағы қызметінің барлығын жоғарыда керсетілген мектептерді ғана ашумен шектеп тастауға болмайтыны анық. Яки ол сол бір білім ордаларындағы төлім мен төрбиесіне басты назарын аударып, оқу жңмысының да барынша җйтқысы бола білген. Ыбырай Алтынсарин ғезінің халқын бар жнрегімен снйгені байқалады. Себебі, ол халықтың болашағына нлкен зор сеніммен қарай алды және сенімінің отын ешқашан ғешірмеді. Сондықтан да халықтың ағарту ісін барынша ерекше шабытпен орындай алған-ды.

Негізгі деректер бойынша, җлы ағартушы ғемірден ғткеннен кейін де Торғайда 1891 жылы, Қостанайда 1893 жылы, Қарабңтақта 1895 жылы және Ақтөбеде 1896 жылы Қыздар училищелерін ашуға қос қолдап рңқсат етілген болатын. Бңл да барынша Ыбырай Алтынсариннің кғеп жылдар бойындағы ізденістерінің нөтижесі болып табылатыны белгілі [4,69].

Сонымен қатар, кезінде Ыбырай Алтынсарин салдырған Қостанай Ұңіріндегі мектептерде Алаштың ғұламалары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов білім алған, «Алашорда» днниеге келген.

Негізгі бағыт беруші болып саналған, кәп днниеге араласып, ғз ісінің жемісін кәре білген Ыбырай Алтынсариннің 1884 жылы «Мұсылманшылық тұтқасы» деп аталатын ерекше еңбегі Қазан қаласында араб қарпімен жарық кәрген. Негізгі мақсаты «Құран негіздерін» ұғындыру мақсатында мектептерде оқытылатын дін сабағының қазақтарға барынша тнсінікті оқу құралы ретінде жазылған. Автордың ғзі аталмыш еңбек туралы, оның мақсаты турады ғзінше тарқата білген.

«... Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады... мнмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жәніндегі тнсініктері теріс бағытқа тнсіп кетпеуі ншін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу ншін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын нйрене бастап... осы оқу құралын құрастыруға кірістім», - деп анықтама берген ді [5,4]. Бұл да азатшыл Алаш мұраттарына бағытталған негізгі ұстанымдарының бірі еді.

Тұрт баптан тұратын кітап алдымен иман жайында жазылады. Келесі бапта зекет хақында, қажыға бару, харам мөндерін еңгімелеп берсе, ншіншісінде адамдардың мінездерін сөз етеді. Соңғы тұртінші бапта намаз ішінде оқылатын дұғалардың кәбінің дерлік қазақша мағынасын атап кәрсетеді. Жалпы, бұл еңбектің халыққа берері зор болды. Себебі, еліміз ғзінің теуелсіздігін алып, оң мен солын таныған кезеңінде ұлы ағартушыдан мұра болып қалған дінтану сабағынан аталмыш оқулық ғшпес қазынаға айналғаны да рас. Дінге деген адамдардың кәзқарасы қазіргі кннгідей жақсарған уақытта Ыбырай Алтынсариннің тағылымды днниесі ретінде қалған дін оқулығы шын мөнісінде тәрбие құралына сұранып-ақ тұрған шығарма. Яки мұсылманшылықты барынша уағыздауға таптырмас құрал ретінде пайдаланылған.

Тұңғыш қазақтың педагогы ретінде танылған Ыбырай Алтынсарин ғзінің осы бағыт беру жолында қос түрлі мәселені ннемі алға тартып отырған. Оның біріншісі – мектеп аша отырып, бала оқытып, жалпы халықты ағарту ісіне бағыттайтын жұмысы болса, екіншісі қарапайым халықтың ойы мен санасын жаңалыққа қарай бейімдеу ншін жасалған тәрбиелік істері болып табылады.

Ғзінің алдына қойған екі мақсатын орындау жолында Ыбырай Алтынсарин барынша қиын жағдайда жұмыс жасады. Талай бәдеттерге жолыға білді, шығудың да амалын қарастырды. Ғтірік арыз, жалған жала мен қара кнйенің нақты ортасында қайнап жүрсе де, ғзінің мақсатын сатпады. Ғзінің мақсатын орындау ншін күрес жолында ол ешбір қажымай, керісінше бәріне қарсы тұрып беттей алды. Себебі, оның келешекке деген сенімі мол болып еді.

Алаш мұраттарына ұласқан ұстанымдардың негізін қалаушылардың бірегейі ретінде Ыбырай Алтынсарин қазақтың жастарын нндеумен бірге, адамгершілікке ғрі достыққа, халықты снюге, жалпылама айтқанда «адам» деген атқа лайықты болуға нйретті. Жастарға бала кезден бастап-ақ дұрыс тәрбие берген кезде ғана жоғарыда кәрсетілген міндеттерді іске асыруға болатынын жақсы ұғындыра білді. Сол себептен де Ыбырай Алтынсарин ғзінің оқытушылық ғрі ғзге де жұмыстарының барлығын ғзінің мақсатының орындалуына бағыттады ғрі жете білді. Ыбырай Алтынсарин есімінің елі кннге дейін ел аузынан тнспей, ғр шығармасы бала тілінен табылатыны соған дәлел болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Серіков Б. Тұлғалардың тоқпақ пікірі. Астана: Фолиант, 2017.- 178 бет
2. Назарбаева Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет
3. *Жәрімбетова Н.* Тағдыры кермек тұлға // Егемен Қазақстан. — 2009. — 29 шілде.
4. Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. I-т. / Бас ред. Б.Ғ.Жақып. — Алматы: Қазақ энцикл., 2009. — 103бет

5. Абдуллина А. Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні // Қазақ. — № 18,19 (532–533). 8 бет

ӨОЖ 541.18

**Н.Ж. Бектемисова,**  
Бөбек «Өзін-өзі тану АНД гуманитарлық колледжі...», магистр  
Алматы облысы,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### **ЫБЫРАЙ ҒҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ.**

#### **Аннотация**

Произведения Ибрая важны в духовно-нравственном воспитании подрастающего поколения. Каждой из его работ мы воспитываем в молодежи нравственность, доброту и трудолюбие.

#### **Тңйін**

Ыбырай шығармалары жас ұрпаққа рухани- адамгершілік тәрбие беруде маңызы зор. Өр шығармасы арқылы жастарды адамгершілікке, мейірімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелейміз.

#### **Abstract**

Ibray's works are important in the spiritual and moral education of the younger generation. Through each of his works we educate young people in morality, kindness and diligence.

Тңйін сөздер. Мейірімділік, еңбекқорлық, адамгершілік тәрбие.

Қазіргі заманауи әлемде адамзатты толғандырып отырған жаһандық өзгерістер Қазақстандық білім беру жңйесін жаңаша толықтыруды талап етуде, соның ішінде рухани дағдарыстар туындап отырған шақта адамгершілік тәрбиемен ұштасқан білімді беру маңызды болып отыр. Жаһандану заманында интернетпен қоректеніп өсіп келе жатқан бала ертеңгі ел тірегі, рухани толық тұлға бола ала ма? Жоқ... өкінішке орай, техника ғасыры бізге жеті түрлі өнер нйретсе де, ұлттық құндылық пен рухани байлықты, сайып келгенде адами қасиеттерді дарыта алмасы анық. Мағынасы тереңде, ойға ой қосатын шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Ал, әдебиетте адами қасиеттерге тұнып тұрған Ыбырай ғңгімелері десек, қателеспейміз. Адамгершілік іспетті ізгі қасиеттерді дамытуда Ыбырай ғңгімелерінің құндылығы басым. Шығармаларының қайнары оның халық тұрмысынан, шындықтан алшақтамаған. Адам өрекеттерін болмысына сөйкес бейнелеп суреттеуде негіз етіп сол адами бағытты ұстанған. Тңпкі өзек етіп «адам» болуды алған. Бңтінде ұстаз Ыбырай Алтынсарин ғңгімелерін оқыту арқылы ғана саналы, ел ертеңін ойлайтын, бауырмал, мейірімді, еңбекқор, жанашыр ұрпақ тәрбиелей аламыз.Еліміздің болашағы бңтінгі білім алушылардың рухани-адамгершілік санасына тікелей теуелді. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған кешет кезінде көмектесуге болады, ал нлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан бңтінгі жас ұрпаққа жастайынан тәрбиені дұрыс беріп, ел ертеңі боларлық рухани жан дңниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. Осы тұрғыда Ыбырай ғңгімелерінің маңызы зор. Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жолға қойған зиялылар кешбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қазақ даласының алғашқы ұстазы кемел тұлға – Ыбырай Алтынсарин ғңгімелерінің адамгершілік сипаты басым. Оның өрбір жазылған шығармалары жас ұрпақты еңбекқорлыққа, мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке және де тағы басқа ізгі қасиеттерді нйретуге шақырады. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енген тәлімі мол ғңгімелері: «Қара батыр», «Таза бұлақ», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала туралы ертегі», және тағы басқа шығармаларында шынайы өмірдің шындығы тереңнен бейнеленіп, қай заманында болмасын жас ұрпаққа беретін рухани тәрбиенің бастауы. Ыбырай Алтынсарин адам тәрбиесіне қажет, тәрбиеге толы ғңгімелерінде сабырлық, тезімділік, мейірімділік,

қанағат, еділеттілік қасиеттерді айқын ері шебер еңгімелейді. Еңгімелерінде адам баласы бастан кешер тіршілік сабақтары ер қырынан бейнеленіп, адамгершілікке, бауырмалдылыққа, адал еңбек пен еділдікке, сабырлылыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырады. Ағартушы қазақ халқын өмірге бейімделе білуге, сонымен қатар ақылды сараптауға, жақсылық пен жамандықты ажырата білуді еңгімелері арқылы айтады. Мысалы: «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз нй мен ағаш нй», еңгімелерінде адал еңбек пен адалдықты дәріштейді. «Қыпшақ Сейітқұл» атты еңгімесінде автор мал баққан халықтың жұрт пен барымтаға теуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз нйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға нлгі ете білді. Ол сауда жасауға мал жоқ, ұрлық істеуге оның тнбі қорлық деп санап, езен-сулы Қабырға деген жерге елін кешіріп келіп қоныстанады. Жұртқа кетпен беріп, аз жылда малды ауыл болып, байып та кетеді. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтындай қорған тұрғызып, қалалардан киім-кешек, азық-тнлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Яғни, бұлның астында адал еңбек тнбі тек жақсылыққа апаратыны туралы ой жатса керек. Сейітқұлдың іс-ерекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кесіптің тиімді тесілдерін қолдануы оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу; адал болу; жауапкершілік таныту, ақиқатты кездеу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болуға нндейді. Еңгіменің тербиелік жағы осындай жаңашылдық бағытында. «Бай баласы мен жарлы баласы» еңгімесі өзге шығармаларынан тәлім-тербиелік сипаты жағынан жеке дара тұр деп те айта аламыз. Жазушының осы бір еңгімесі талай ұрпақтың зердесінде жатталып қалды. Мұнда жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Нсенді басты кейіпкер етіп ала отырып, елеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының есер ықпалын ашып кәрсету арқылы мен-мағынасы нлкен қорытынды жасайды. Жоқшылық кәрмей өскен бай баласының қиын сәтте икемсіздігін, ал кедей баласының еңбекснйгіш, қиын сәтте икемділігін нанымды етіп сипаттайды. Сол арқылы өмірдің қиын екендігін аңғартады. Асан еңгімеде долайрық кәрінсе, оның логикасы бірден тұйықталады. Ал Нсен оған қарап тұрып ойланады. Малдың жас тезегін кәреді, жнрп өткен кештің ізін байқайды. Жанындағы серігін ертіп, алға бастайды. Қолды да, жолды да сол бастайды. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда Нсендер азайып, Асандар кәбейіп барады. Еңбекке икемді, өмірдің қиыншылығына тәзе білетін, одан шығу жолын табатын Нсендер аз. Абай айтқандай «жұмысы жоқ, тамағы тоқ» Асандар жетіп артылады. Ал, Нсен сияқты балаларды Асанға нлгі тұту, Асанды өмірге бейімдеу ол бтінгі ұстаздардың парызы. Екінші мәселе, жеткіншектердің бойындағы асыл қасиеттердің бірі қайырымдылықтың жұтандауы. Ыбырай Алтынсариннің кәрегендігі мен данышпандығы сонда, адамдарды мейірімсіздіктен сақтандыру ншін кәп еңгімелерін соған арнады. Бұл еңгімені оқып отырған мектеп жасындағы балаға еңбек етудің қажеттілігін сезінуге, өмірін сырын ұғына тнсуге бағыттайды. Автордың Нсеннің іс-ерекетінен адамгершілік деп аталатын асыл қасиеттердің жиынтығын кәрсетуді мақсат еткені анық сезіліп тұр. Асан мен Нсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап береді. Бұл еңгімені оқыған бала адамдарға жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы қасіретіне, мұң-мұқтаждығына ортақтаса білу, оларға кәмек кәрсету; кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол ншін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу; рақымды, мейірімді болу, адамның кәңіл-кнйін алдын-ала сезе білу; кәмек кнткен адамға кәмек беруге өзін тұру сияқты қасиеттерді бойына жинары анық. Мысалы, «Аурудан аяған кнштірек» еңгімесі. Баласының анасын аяғандығы бала бойындағы мейірімділік пен снйіспеншілікті кәрсете отырып, қазіргі қоғамда өз кннн өзі кәре алатын ата-аналарын қарттар нйіне апарып тастап жатқан жастарды кәріп жнрген жас ұрпаққа ой саларлығы анық. Ыбырайдың тағы бір топ еңгімелері адамгершілік тербие, асыл қасиеттер туралы жазылған. Мысалы, «Бақша ағаштары», «Таза бұлғақ» және тағы басқа да еңгімелерінде адамгершілік

тәрбиенің ізі жатыр деп толықтай сеніммен айтуға болады. Дұрыс тәрбие мен білімнің, адалдықтың адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін ашып көрсетеді. Қорыта келгенде, Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың ішіндегі тәрбие берер терең мағыналы сөздердің болуы мен әр еңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аударуынан ұлы ағартушы Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері бар екенін анықтауға болады. Әр шығармасында Ы.Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары ұлшемі деп санайды. Ыбырай еңгімелерін сабақта, сабақтан тыс уақытта болсын, талдатып, оқытып бере білсек, жас ұрпақтың бойына рухани – адамгершілік тәрбие пен ізгіліктің дөнін себер едік. Рухани адамгершілік тәрбие ел ертеңі жас ұрпақты жарқын болашаққа бастар жолды ашуға мүмкіндік беретін тағылымы мол мұра.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 19
2. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1943ж. – 266б.
3. Алтынсарин Ы. Өнер - білім бар жұрттар. Алматы, 1989 ж.
4. Өуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962 ж.
5. Қажым Жұмалиев. «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті». – Алматы, 1967ж. – 62б., 71б.

ӨЕЖ 37.022

#### А.Е. Бекшойнова,

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі,  
педагогика пәнінің оқытушысы, педагогика магистрі  
Шығыс Қазақстан облысы  
Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы

### ҰЛЫ ҰСТАЗ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАҒА ҚОСҚАН ҒІЛЕСІ

#### Тңйін

Мақалада Қазақстанда білім беру жңйесінің қалыптасуы, Ы.Алтынсариннің ағарту саласына қосқан ғілесі туралы қарастырылған.

#### Аннотация

В статье рассматривается формирование системы образования в Казахстане, вкладЫ. Алтынсарина в образование.

#### Annotation

The article discusses the formation of the education system in Kazakhstan, the contribution of Y. Altynsarin's education

**Тңйінді сөз:** мектеп, білім беру, оқулық, Ы.Алтынсарин, педагогикалық қызмет, өдістеме.

**Ключевые слова:** школа, образование, учебник, Ы.Алтынсарин, педагогическая служба, методика.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жңйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші - білім сапасы. Елбасының жолдауында: «Біз бңкіл елімізде өлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген. АғартушыЫбырай Алтынсаринның да алға қойған мақсаты-қайткен кннде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар кнш-қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай Алтынсарин да қалың бұқараның шынайы қамқоршысы бола білді.

Ұлы ұстаздың өнегелі жолын, мұраларын оқып – білу кейінгі ұрпаққа, өсіресе, болашақ ұстаздарға білу парыз. Сонау қиын-қыстау кезеңде қазақ жерінде білім беру саласына, оқыту

едістемесіне, балалар әдебиетіне, қазақ аудармасына тыңнан тнрен сала білген Ыбырай бабамыздың әмірі мен қызметі әшпес әнеге.

Білім мен тербие беруде Ыбырай Алтынсарин оқушыларға жан-жақты және кең келемде білім беру, мұғалімнің релін жоғары кетеру, оқулықтардың сапасына кеніл аудару, оқу бағдарламаларын ннемі жетілдіріп, толықтырып отыру, оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру мәселелерін кеңінен кетерді.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық жнйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және едістеме саласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың кернекілігі, тежірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа кұрылуы, сынып жұмыстары мен сыныпан тыс жұмыстардың тнрлері жнзеге асырылды. Ол оқыту едісін өз тнйгенінше, орыс мектебінің озық нлгісіне негіздеп кұруды ойластырды. Мектеп оқушыларына арнап оқу кұралдарын, бағдарламалар, нұсқау хаттар жазды. Мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық кұралдарымен жабдықталуына, оқушылардың тнрлі ғылым мен әнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына нлкен мен берді.

Ы.Алтынсарин езінің барлық оқулықтарында, едістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тербиелеудегі оқыту мен тербиелеу мәселелерін кетеріп, езектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің релін және оның маңызын, оның елеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы релін керсетеді.

Ыбырай Алтынсарин оқу едістері мен балаларды оқыту тесілдерін мұғалімдерге олардың кең тербиелік мағынасында тнсіндірді:

а) оқыту едістері – балалардың жанре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға кұмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол;

ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, енгіме, тнсіндіру арқылы оқыту едістері.

Педагог қазақ халқының езіне тен ұлттық-тербие нрдистерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, бнгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Халықтың ұлттық телім-тербиесі негізінде ол Қазақстандағы ұлттық мектептердегі оқыту ісінің едістемесінің іргетасын қалады. Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жнйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі жолға қойды. Оның жаңашыл едістерінің бірі - оқытудағы оқу нрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу нрдісіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу кұралдарын орыс графикасына снйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды.

Ол еліміздегі оқулық жасаудың негізін салды. Ыбырай Алтынсарин қазақ оқулығының тарихында өз орны бар ағартушы. Ыбырай Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу кұралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дестнрлеріне негізделген оқулығын («Қазақ хрестоматиясы») 1879 жылы бастырып шығарды. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» шығармаларды іріктегенде біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дестнрлерінен хабар беру, екіншіден, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, ншіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тнсінігіне жеңіл, тілі жатық енгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды.

Оның хрестоматиядағы материалдарды жнйелеуі осы қағидалармен қатар балаға адамгершілік, еңбекснйгіштік, ақыл-ой, кесіптік тербие беру мақсатын кездеді. Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың енгімелерінде қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбекснйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер деріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжнзділік, днниеқорлық, т.б. жексұрын мінез-кұлықтарды ешкерелеу езекті орын алады. Ыбырай осы арқылы жастардың ізгі жанректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын кездейді.

Жастарды оқу – білім, ғылымге ндегенде құрғақ насихатқа тұрынбай, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі тұтастық амал тесілдерді қолданды.

Бір аллаға сыйынып  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды кәңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген әлеңінде балаларды білім алуға ндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп тұғатын, оқу, ғылым – білімге мен бермейтін кертартпа кезқарасқа соққы берді. Оның әлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас тұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күнгі бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ

Мал деулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң жоқ болар.  
Оқымыстың байлығы  
Күннен күнге кәп болар,-

